

**Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының 2025 жылға арналған бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданды мәслихатының 2024 жылғы 27 қарашадағы № 8-21-12 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 29 қарашада № 7833-15 болып тіркелді

**Ескерту. 01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі – осы шешімнің 2-тармағымен.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығы мөлшерлемесінің мөлшері 2025 жылға салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 (төрт) пайыздан 3 (үш) пайызға дейін төмендетілісін.

2. Осы шешім 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық  
мәслихатының төрағасы*

*Г. Абулкаирова*